




«Бекітемін»

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Комлаенс қызметінің - комплаенс - офицері - жұмыс тобының жетекшісі

 Д. Бекишев

2025 жылғы 28 қазан

2025 жылы «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарлама.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – СЖТІТ) сәйкес 01.11.2025 ж. бастап 30.11.2025 ж. дейінгі кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін болады.

«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына, оның ішінде қызмет бағыттары бойынша ұйымдық басқару қызметінің жұмысын реттейтін нормативтік құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға талдау жүргізу) (Қорда тексерілетін кезеңде қабылданған қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (күні 01.01.2025 ж. - 01.11.2025 ж.);
2. Қордың қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (күні 01.01.2025 ж. - 30.11.25 ж.);
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау:
 - Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - Құрылымдық бөлімшелерде олардың қызметінің ерекшелігі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- Ұйымдық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (күні 01.01.2025 ж. - 30.11.2025 ж.);
- Интернет - ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылауды бастау туралы хабарландыру (күні: 30.11.2025 ж.);
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау (күні: 30.11.2025 ж.);
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қою (күні: 05.12.25 ж.);
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу (күні: 06.12.2025 ж.);

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспарын орналастыру (күні: 06.12.2025 ж.)

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат дайындау арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюдың мониторингі;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізімін жасау;

- Қордың ресми интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картограммасындағы мәліметтерді өзектілендіру.